**3-апта (13-17 қыркүйек, 2021 жыл)**
**№9 «Балдырған» кіші топ**

**Өтпелі тақырып:"Балабақша"**
**Апталық тақырып:"Менің сүйікті ойыншықтарым"**
**Мақсаты:** балалардың бойында балабақша, достық, татулық туралы түсініктерін дамыту, ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу арқылы танымдық қабілеттерін, ой- өрістерін кеңейте отырып, сөздік қорларын дамыту, жаңа сөздерді дұрыс айтуға, қойылған сұраққа жауап беруге үйрету, бірлескен әрекетке қызығушылықтарын арттыру.

**Міндеттері**:
- дидактикалық ойындар арқылы тілдік қарым –қатынас дағдыларын, сөздік қорларын қалыптастыру;
- өз достарымен бірігіп ойнау барысында балалардың танымдық қабілеттерін дамыту;
- балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру және шығармашылық әрекетті дамыту.

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі<br>13.09.2021** | **Сейсенбі<br>14.09.2021** | **Сәрсенбі<br>15.09.2021** | **Бейсенбі<br>16.09.2021** | **Жұма<br>17.09.2021** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен амандасу. Балалардың дене қызуын өлшеп, тазалықтары мен денсаулықтарын тексеру. Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау, әңгімелесу. Балалармен күнделікті таңертеңгі жұмыстар жүргізу. | | | | |
| **Ата – аналармен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен амандасу. Демалыс күндері балалардың немен айналысқанын сұрау. Көңіл-күйін , қаншалықты кеш жатқанын білу.Күндеріне сәттілік тілеп кешке дейін қоштасу. | | | | |
| **Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)** | **Өлең жолдарын айтқызу.**<br>Мен бақшаға барамын,<br>Ойнаймын, ән саламын.<br>Тәрбиеші апайлар,<br>Досы барлық баланың. | **Саусақ ойыны:<br>"Кірпі" жаттығуы.**<br>Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)<br>Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектерін жасайды).<br>Кіріп кетсе қолыңа,<br>Өкпелеме жарай ма? | **Қимылдық ойын:<br>"Гүлдер мен көбелектер".<br>Мақсаты:** балаларды жылдамдыққа баулу. | **Дидактикалық ойын:<br>"Ғажайып сағат".<br>Мақсаты:** жақсы мен жаманды ажыратуға, жақсы іс-әрекеттер жасауға үйрету. | **Саусақ ойыны:<br>"Достық " жаттығуы.**<br>Біздің топта қыздар мен ұлдар өзара дос.(екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>1,2,3,4,5. (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңертеңгілік жаттығу кешені<br>"Жалаушамен"** | | | | |
| **Таңғы ас** | Дұрыс отырып, сөйлемей ұқыпты тамақтануға үйрету. Тамақты төкпей-шашпай, ұқыпты ішуге, тамақтанып болған соң, алғыс айтуға үйрету. | | | | |
| **Ұйымдастырыған оқу – қызметіне дайындық** | **Дидактикалық ойын:<br>"Бұл кім?"**<br>Мақсаты:Балалардың | **Дидактикалық ойын:<br>"Тазалыққа не қажет?"** | **Қимылды ойын:<br>"Дыбыс қай жерден шығады?"** | **Дидактикалық ойын:<br>"Адамдардың киімдерін бақылау"** | **Дидактикалық ойын:<br>"Жұбын тап"<br>Мақсаты:** Бірдей |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өз жанұя мүшелерін атап, айтып бере білулеріне үйрету. | **Мақсаты:** Балаларды тазалық құралдарымен таныстырып, олардың әрқайсыларының неге қажет екендігін түсіндіру. | **Мақсаты:** Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдап, ептілікке, кеңістікті бағдарлауға үйрету. | **Мақсаты:** Балалардың назарын адамдардың киімдеріне аудару, сөйлеулерін дамыту. | заттардың жұбын табуға дағдыландыру. Ойлауын дамыту. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **1."Таным"**<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Біздің топтың ойыншықтары»**<br>**Мақсаты:** Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін қалыптастыру. Ойыншықтардың аттарын атап, қасиеті мен жасалу жолдарын ұғындыру. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу арқылы сүйіспеншілік сезімін арттыру.<br>**"Шығармашылық"**<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Пирамида»**<br>**Мақсаты:** Балаларды ойыншық атауымен таныстыру. Қағаз жолақтарынан пирамида құрастыруға, түстерді ажыратуды үйрету. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілі:** көрсету, | **1."Шығармашылық"**<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Ойыншықтар»**<br>И.Нүсіпбаев<br>**Мақсаты:** Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру.<br>Музыкалық – ырғақты қимыл:<br>«Қуыршағым - ай»<br>**2."Денсаулық"**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Көңілді қуыршақ»**<br>**Мақсаты:** Балалардың ойыншықтар туралы білімдерін толықтыру. Күшікке қонаққа « Шағын топпен» бару. Тапсырмалар арқылы жүгіру .<br>Бір орында қос аяқтап секіру. | **1."Қатынас"**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым»**<br>**Мақсаты:** Балалардың ойыншықтарды сипаттап айтуға үйрету арқылы білімдерін кеңейту. Сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастыртып, «қандай?» сұрағына жауап беруге және жалғау, жұрнақтарды сөздерге дұрыс жалғап айтуға үйрету, ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу, ұқыптылыққа баулу.<br>**"Шығармашылық"**<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «Менің әдемі добым»**<br>**Мақсаты:** Балаларды қылқаламды дұрыс ұстай білуге үйрету, қозғап жылжытуға икемдерін баулу, қылқаламмен дөңгелек жасап, бояуға, түстер мен | **2."Денсаулық"**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Айсұлумен ойнаймыз»**<br>**Мақсаты:** Өздеріне ұнаған ойыншыққа зерттеу жүргізу.<br>«Айсұлуға қонаққа барамыз» құрсаудың ішіне кіру арқылы жүру. Биіктігі 15 см болатын текшеге көтеріліп, одан қайта түсу. | **1."Денсаулық"**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Менің көңілді добым»**<br>**Мақсаты:** Допты алға домалатуды жетілдіру. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>**2."Таным"**<br>**Сенсорика**<br>**Тақырыбы: «Қуыршақ Әйгерімге арналған моншақтар»**<br>**Мақсаты:** Балаларды өлшемі мен түсі бойынша әртүрлі геометриялық пішіндерді кезектестіруге үйрету. Жеке түстер туралы түсінік беру, ұсақ бөлшектерді бауға тағуды орындай отырып, қол моторикасын дамыту.<br>**Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, пішіндерді ажырату, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіндіру, сұрақ-жауап, топтағы ойыншықтар туралы айту, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** тақырыпқа байланысты суреттер | | пішіндерді ажыратуын бекіту. Өз еркімен жұмыстануға тәрбиелеу арқылы сурет сала білуге деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойыншықтар туралы әңгімелесу, қылқаламмен жұмыс жасау, сергәту сәті, қорытындылау, мадақтау.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** тақырыпқа байланысты суреттер | | тақырыпқа байланысты суреттер |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз беттерімен реттілікпен киіне білулеріне дағдыландыру. Киімдерінің түймелерін дұрыс түймелеуге, аяқ киімдерін оң киіп, бауларын байлауға, ұқыпты киінуге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **1. Бақылау:** Ауа райын бақылау.<br>**2. Еңбек:** Ойын алаңындағы жапырақтарды жинату.<br>**3. Қимылдық ойын:** «Жалаушаға қарай жүгір».<br>Мақсаты: балаларды жылдамдыққа баулу.<br>**4. Жеке жұмыс:** Сезімнен отбасы туралы әңгімелесу.<br>**5. Еркін ойындар.** | **1. Бақылау:** Аула ішін бақылау.<br>**2. Еңбек:** Ойын алаңындағы тастарды жинату.<br>**3. Қимылдық ойын:** «Автомобильдер мен торғайлар».<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>**4. Жеке жұмыс:** Інжуден түстерді сұрау, 5-дейін санату<br>**5. Еркін ойындар.** | **1. Бақылау:** Бұлттарды бақылау.<br>**2. Еңбек:** Ересек балаларды бақылау.<br>**3. Қимылдық ойын:** «Маған қарай жүгіріңдер».<br>Мақсаты: жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>**4. Жеке жұмыс:** Шамильден көп және аз ұғымдарын ажыратуға үйрету.<br>**5. Еркін ойындар.** | **1. Бақылау:** Күз мезгілін бақылау.<br>**2. Еңбек:** Құстарды бақылап, оларға жем беру.<br>**3. Қимылдық ойын:** «Торғайлар мен мысық».<br>Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа баулу.<br>**4. Жеке жұмыс:** Әлжаннан өзі білетін тақпағын сұрап, айтқызу.<br>**5. Еркін ойындар.** | **1. Бақылау:** Аспанды бақылау.<br>**2. Еңбек:** Ойын алаңындағы ойыншықтарды жинау.<br>**3. Қимылдық ойын:** "Күн менжаңбыр".<br>Мақсаты: аңғарымпаздыққа, ептілікке үйрету.<br>**4. Жеке жұмыс:** Әлинұрдан аты-жөнін сұрау.<br>**5. Еркін ойындар.** |
| **Серуеннен оралу** | Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Беті қолдарын жуу, сабындау. | | | | |
| **Түскі ас** | Үстел басына қол жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі отырып,тұру. Өз орындарына ыңғайлы отыруларын ескерту . Қасықты оң қолдарына ұстауға тәрбиелеу. Асты төкпей, мұқият ішуге дағдыландыру ,болған соң майлықты дұрыс қолдана білуге үйрету. "Рахмет" сөзін айтқызу | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау | | | | |
| | "Қазақ" ертегілерін айтып ұйықтату. | Жай әуенмен балаларды ұйқыға жатқызу. | "Ұсқынсыз үйрек" ертегісін оқып беру. | Мазмұнды ертегісі арқылы ұйықтату. | Жәй әуен ырғағымен ұйықтату. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Балалардың бас,қол,аяқтарына керілу,созылу қимыл- қозғалыс жаттығуларын жасату. Түкті кілемше үстімен жүргізу. | | | | |
| **Бесін ас** | Тамақ ішу кезінде сөйлемей, тыныштық сақтап тамақтану дағдыларына үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет.** | Доппен ойындар ұйымдастыру: бір-біріне жалғау, домалату. Ойынға барлық балаларды тарту. | **Дидактикалық ойын: "Нені қайда қоямыз?". Мақсаты:** әр заттың өз орны бар екенін атып түсіндіру. Балаларды ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. | **Сюжеттік ойын: "Отбасы". Мақсаты:** баларға "отбасы" туралы түсінік беру. Оларды үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. | Балаларға "Бауырсақ" ертегісін үстел үстінде көрсету арқылы айтып беру. Ертегі арқылы тілдерін дамыту | Табиғат бұрышындағы жұмыстарды: гүлдерге су құю, жапырақтарын сүрту. Топты жинау жұмыстарын ересектер көмегімен жүргізіп, кейбір еңбек әрекетіне ынталандыру. |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Қуаныштан түстерді сұрау. | Анльмен отбасы туралы әңгімелесу. | Рахманнан өз отбасы туралы сұрау | Бекдиардан жыл мезгілдерін сұрау. | Адиядан "Бауырсақ" ертегісін айтып беруді үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Аяқ киімдері мен киімдерін оң киюге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **1.Бақылау:** Күнді бақылау.<br>**2. Қимылдық ойын:** «Күн мен жаңбыр».<br>**Мақсаты:**Тәрбиеші белгісі бойынша қимыл-қозғалыстарды орындап,ойнай білуге үйрету.<br>**3. Еркін ойындар.** | **1.Бақылау:** Ересек адамдар іс-әрекеттерін бақылау.<br>**2. Қимылдық ойын:** «Ақ коян».<br>**Мақсаты:** Ойын сөздерін бірге айтқызып,барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл - қозғалыстарын дамыту<br>**3.Еркін ойындар.** | **1.Бақылау:** Айналада жүрген құстарды бақылау.<br>**2. Қимылдық ойын:** «Торғайлар мен мысық».<br>**Мақсаты:** Тәрбиеші белгісі бойынша қимыл-қозғалыстарды орындап,ойнай білуге үйрету.<br>**3. Еркін ойындар.** | **1.Бақылау:** Күзгі ауа-райын бақылау.<br>**2. Қимылдық ойын:** «Маған қарай жүгіріңдер».<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу<br>**3. Еркін ойындар.** | **1.Бақылау:** Желді бақылау.<br>**2. Қимылдық ойын:** «Сұр көжек жуынып жатыр".<br>**Мақсаты:** Ойын сөздерін бірге айтқызып,барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл -қозғалыстарын дамыту.<br>**3.Еркін ойындар.** |
| **Балалардың үйіне қайтуы.** | Ата-аналарға балаларының қарындашты дұрыс | "Балабақша" тақырыбындағы тақпакты үйде де жаттатуды ата- | Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруді өтіну. | Балаларға түстерді ажыра білуді үйден қадағалауды сұрау. | Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруді айтып, демалыс күндеріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұстауларына үйде де жұмыс жасауларын айту. | аналарға айту. Мақсаты: тілдерін дамыту. | | | сәттілік тілеп қоштасу. |